

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Жастар кадр резерві жөніндегі
ұлттық комиссияның
2025 жылғы 13 мамырдағы
№ 25-42-6.1 хаттамасына
1-ҚОСЫМША

**2025 жылы Президенттік жастар кадр резервіне
іріктеуді өткізу
ТӘРТІБІ**

1. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

2025 жылғы 19 – 30 мамыр кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік), оның аумақтық бөлімшелері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) орталық мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді, ол:

1) Президенттік жастар резервіне (бұдан әрі – Резерв) 2025 жылғы іріктеу тәртібі және өткен жылдардағы резервшілердің тәжірибесі туралы хабардар ету мақсатында орталық және жергілікті деңгейлерде мемлекеттік қызметшілермен, квазимемлекеттік және жеке секторлардың (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда), мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлерімен, сондай-ақ «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлектерімен кездесулер ұйымдастыруды;

2) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарында, сондай-ақ олардың әлеуметтік желілерінде орналастыру үшін ақпараттық жарияланымдар дайындауды;

3) барлық өңірлерде орталық және жергілікті телеарналар, қоғамдық орындардағы LED-экрандарда (орталық алаңдар, сауда-ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, мемлекеттік мекемелердің ғимараттары, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалдары, қоғамдық көлік және т. б.) трансляциялау үшін бейнероликтер дайындау мен шығаруды;

4) өңірлерде Резервке іріктеу процесі туралы негізгі ақпаратты қамтитын ақпараттық стендтер мен баннерлер орналастыруды қамтиды.

2. Резервке кандидаттардың құжаттарын қабылдау

Резервке кандидаттардың құжаттарын қабылдау **2025 жылғы 1 маусым (00 сағат 00 минут) мен 30 маусым (23 сағат 59 минут)** кезеңінде «www.pkrezerv.gov.kz» онлайн-платформасында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, мемлекеттік саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Резервте тұрған (бұрын Резервке алынған, сондай-ақ Ұлттық комиссияның шешімі бойынша Резервтен шығарылған) адамдар Резервке іріктеуге қатысуға жіберілмейді.

Тіркеу кезінде кандидатқа бағалау кезеңдерінде кандидаттың деректерін иесіздендіру үшін пайдаланылатын жеке нөмір беріледі. Тіркелген кандидаттардың жеке кабинетіне кіру логин мен парольді енгізу арқылы жүзеге асырылады. Логин ретінде кандидаттың жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) пайдаланылады, парольді кандидат тіркеу кезінде дербес белгілейді.

Тіркеуді бастамас бұрын кандидат Пайдаланушы келісімімен танысып, дербес деректерді жинауға және өңдеуге өзінің келісімін растауға және мынадай талаптарды сақтау туралы:

- Интернет желісіне кемінде 5 мб/сек жылдамдықпен қосылатын дербес компьютердің, сондай-ақ дұрыс жұмыс істейтін веб-камераның, құлаққаптың және микрофонның болуы;

- Резервті қалыптастыру тәртібін сақтамаған, дәйексіз ақпарат пен құжаттар ұсынған кандидаттар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3 және 3-1-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда, сондай-ақ тапсырмаларды орындауға өзге де тұлғаларды тарту фактілері анықталған жағдайда іріктеудің кез келген кезеңінде шығарылып тастауға келісімі;

- іріктеудің барлық кезеңдеріндегі тест тапсырмаларының, ситуациялық тапсырмалардың және өзге де ақпараттың мазмұнына қатысты ақпаратты үшінші тұлғаларға таратпау туралы міндеттеме қабылдауға тиіс.

Құжаттарды қабылдау алты салалық бағыт бойынша («әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам», «инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты», «экономикалық және қаржылық саясат», «цифрландыру», «агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау», «сыртқы саясат және инвестициялар») жүзеге асырылады. Тіркеу кезінде кандидат Резервке алынған жағдайда еңбек қызметін жүзеге асырғысы келетін салалық бағытты таңдауы керек. Әрбір салалық бағыт үшін Резервке алу квотасы көзделген (осы Тәртіптің 9-бөлімі).

Кандидат жеке кабинетіне мынадай құжаттарды жүктейді: білімі туралы құжаттардың және олардың қосымшаларының көшірмелері; Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері; Мемлекеттік тілді меңгеруге қойылатын талаптарды айқындайтын ұлттық стандарттарға сәйкес мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы белгіленген нысандағы жарамды орта деңгейден төмен емес (B1) ресми сертификат.

Мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат алу үшін кандидатқа Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК-да қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – «ҚАЗТЕСТ» бойынша не Академия базасында «www.qrt.kz» «QAZAQ RESMI TEST» қазақ тілін тестілеудің онлайн-сервисінде сертификаттық тестілеуден өту қажет.

Тіркеу аяқталғаннан кейін кандидат мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңінен өту күні мен уақытын таңдауы керек.

3. Резервке іріктеу кезеңдеріне жіберілетін адамдардың шекті саны

Резервке кандидаттарды іріктеу салалық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Кандидаттардың әрбір салалық бағыт бойынша біркелкі санын ұстап тұру мақсатында барлық кезеңде оларды пропорционалды іріктеу қамтамасыз етіледі (осы Тәртіптің 5 – 9-бөлімдері). Бірнеше кандидаттың нәтижелері тең болған жағдайда Резервке іріктеу кезеңдеріне кандидаттардың көбірек саны жіберілуі мүмкін.

«Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» кезеңіне:

- «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» бірінші блогына – талаптарға сай келетін және кандидаттар мен олардың құжаттары тексеруден өткен барлық кандидаттар;

- «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» екінші блогына тестілеудің бірінші блогынан өту кезінде әрбір салалық бағыт бойынша ең көп балл санын жинаған кандидаттардың 50%-ы жіберіледі.

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңіне сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өту кезінде ең көп балл санын жинаған 600-ден аспайтын кандидат (оның ішінде әрбір салалық бағыт бойынша 100-ден аспайтын кандидат) жіберіледі.

«Құзыреттерді бағалау» кезеңіне:

- «Ассессмент-орталық» бірінші блогына – ситуациялық тапсырмаларды шешуден өту кезінде ең көп балл санын жинаған 300-ден аспайтын кандидат (6-бөлімде әрбір салалық бағыт үшін белгіленген квота бойынша);

- «Құзыреттер бойынша сұхбат» екінші блогына ассессмент-орталықтан өту кезінде ең көп балл санын жинаған 200-ден аспайтын кандидат (7-бөлімде әрбір салалық бағыт үшін белгіленген квота бойынша) жіберіледі.

«Резервке іріктеу жөніндегі сараптама комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу» кезеңіне құзыреттер бойынша сұхбат өту қорытындылары бойынша ең көп балл санын жинаған 150-ден аспайтын кандидат (7-бөлімде әрбір салалық бағыт үшін белгіленген квота бойынша) жіберіледі.

«Ұлттық комиссияның отырысы» кезеңіне Сараптама комиссиясында әңгімелесу қорытындысы бойынша ең көп балл санын жинаған 100-ден

аспайтын кандидат (8-бөлімде әрбір салалық бағыт үшін белгіленген квота бойынша) жіберіледі.

4. Кандидаттарды және олардың құжаттарын тексеру

Кандидаттар мен олардың құжаттарын тексеруді **2025 жылғы 1 маусым – 31 шілде** кезеңінде Агенттік, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Осы тексеру шеңберінде:

1) кандидат ұсынған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын тексеру;
2) қажетті құжаттардың – оған қосымшалары бар білім туралы құжаттар көшірмелерінің, «ҚАЗТЕСТ» немесе «QAZAQ RESMI TEST» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгергені туралы орта деңгейден төмен емес (B1) жарамды сертификаттың, сондай-ақ кандидаттың еңбек қызметін растайтын құжаттар көшірмелерінің болуын тексеру;

3) кандидаттың Резервке іріктеуге қатысу үшін белгіленген талаптарға сәйкестігін, оның ішінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының талаптарына сәйкестігін тексеру;

4) кандидаттар туралы, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың деректері негізінде теріс мәліметтердің болуы және (немесе) болмауы туралы мәліметтер жинау жүзеге асырылады.

Егер кандидат тексеруден өтпесе, ол іріктеудің кез келген кезеңінде Резервке іріктеуге қатысудан шығарылады.

Құжаттарды қабылдау кезеңінде Агенттік апта сайынғы негізде тексеруге жататын кандидаттардың тізімін Бас прокуратураға, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қаржылық мониторинг агенттіктеріне, Ішкі істер, Әділет, Қаржы министрліктеріне жолдайды.

Көрсетілген мемлекеттік органдар кандидаттардың тізімін алғаннан бастап бір апта мерзімде Агенттікке кандидаттардың мемлекеттік қызметке кіруіне кедергі келтіретін мәліметтердің бар-жоғы тұрғысынан тексеру нәтижелерін жолдайды.

Агенттік Резервті қалыптастыру тәртібі бұзылған, анық емес мәліметтер мен құжаттар ұсынылған, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығымен бекітілген Резервті қалыптастыру қағидаларының 14-тармағына сәйкес кандидаттарды Резервке іріктеудің кез келген кезеңінде шығару туралы шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктер берілген Резервке іріктеу мәселелері бойынша жұмыс тобын құрады.

5. Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау

Бұл кезең **2025 жылғы 2 – 15 тамыз** кезеңінде (тестілеуден өтуді және прокторинг рәсімін қоса алғанда) онлайн-режимде өткізіледі және кандидаттардың мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін айқындауға мүмкіндік беретін екі тестілеу блогынан тұрады.

Тестілеуден өту Резервтің онлайн-платформасында аудио және бейне тіркеп белгілеу арқылы жүреді. Кезеңнің өтуін бақылау прокторинг жүйесімен жүзеге асырылады. Прокторинг жүргізу барысында кандидат тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда бұл кандидат Резервке іріктеуден шығарылуға жатады, ал оның нәтижелері жойылады.

Тестілеу басталар алдында кандидат Пайдаланушы келісімін қабылдап, тестілеуді өткізу тәртібімен танысуға тиіс.

«Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеудің бірінші блогы **2025 жылғы 2–3 тамыз** кезеңінде (прокторинг – 2025 жылғы 4 – 7 тамыз кезеңінде) өткізіледі, оған талаптарға сәйкес келетін барлық кандидаттар жіберіледі. Тестілеу кандидат таңдаған күні мен уақытында, оның таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі.

Бұл блок ұсынылған мәтін фрагментін зерделеуге және оның мазмұны бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдауға арналған 25 тест тапсырмасынан тұрады.

«Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеудің екінші блогы **2025 жылғы 9 – 10 тамыз** кезеңінде (прокторинг – 2025 жылғы 11 – 14 тамыз кезеңінде) өткізіледі.

Осы тестілеуге әрбір салалық бағыт бойынша «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» бірінші блогын сәтті тапсырған кандидаттардың 50%-ы жіберіледі. Бірнеше кандидатта тең нәтижелер болған жағдайда кандидаттардың көбірек саны жіберілуі мүмкін.

Тестілеудің бірінші блогының нәтижелері жарияланғаннан кейін аталған кандидаттарға екінші тестілеу блогының өту күні мен уақытын таңдау мүмкіндігімен Резервтің онлайн-платформасында тіркелу қолжетімді болады.

Екінші блок кестелер, графиктер және диаграммалар түрінде ұсынылған ақпаратты зерделеуге арналған 25 тест тапсырмасын қамтиды, мұнда кандидат жауап нұсқаларының бірін таңдауы керек. Қажет болған кезде кандидат қағазды, қарындашты және калькуляторды қолдана алады.

Әрбір тестілеу блогының ұзақтығы 25 минутты құрайды. Тестілеу нәтижелерін есептеу автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тестілеу нәтижелері бойынша кандидаттарды саралауды ескере отырып, кандидаттардың жеке кабинеттерінде және Резервтің онлайн-платформасында орналастырылады, онда тестілеу әкімшісі (Академияның жауапты қызметкері) жұмысқа қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты, орналастыруды, сондай-ақ ақпаратты жаңартуды басқарады.

Электр энергиясының ажыратылуынан туындаған техникалық ақаулар себебінен тестілеуден өту мүмкін болмаған жағдайда, кандидат тиісті

тестілеуден өткен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде тұрғылықты жері бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым берген анықтаманы Резервтің онлайн-платформасында орналастырылған техникалық қолдаудың байланыс деректері бойынша тестілеуден қайта өту мүмкіндігін беру туралы мәселені шешу үшін ұсынуға құқылы.

Тиісті кезеңнен қайта өту күні мен уақытын тағайындау техникалық қолдаумен жүзеге асырылады. Кандидатқа кезеңнің қайта өту күні мен уақыты туралы қосымша хабарланады.

6. Ситуациялық тапсырмаларды шешу

Бұл кезең **2025 жылғы 16 – 17 тамыз** кезеңінде (прокторинг – 2025 жылғы 18 – 20 тамыз кезеңінде) онлайн-режимде өткізіледі және мемлекеттік қызметтің ерекшелігіне тән практикалық жағдайларды орындау кезінде кандидаттың басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін бағалауға бағытталған.

«Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» екінші блогының қорытындысы бойынша осы кезеңге ең жоғары балл жинаған 600-ден аспайтын кандидат (әрбір салалық бағыт бойынша 100 кандидат) жіберіледі. Бірнеше кандидатта тең нәтижелер болған кезде іріктеудің келесі кезеңіне кандидаттардың көбірек саны жіберілуі мүмкін.

Алдыңғы кезеңнің нәтижелері жарияланғаннан кейін аталған кандидаттарға ситуациялық тапсырмаларды шешу кезеңінен өту күні мен уақытын таңдау мүмкіндігімен Резервтің онлайн-платформасында тіркелу қолжетімді болады.

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңінен өту Резервтің онлайн-платформасында аудио және бейне тіркеп белгілеу арқылы жүреді. Кезеңнің өтуін бақылау прокторинг жүйесімен жүзеге асырылады. Прокторинг жүргізу барысында кандидат тарапынан кезеңнен өту кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұл кандидат Резервке іріктеуден шығарылуға жатады, ал оның нәтижелері жойылады.

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңі басталар алдында кандидат Пайдаланушы келісімін қабылдап, тестілеуді өткізу тәртібімен танысуға тиіс.

Ситуациялық тапсырмаларды кандидаттар арасында бөлу кандидаттың салалық бағытына сәйкес кездейсоқ тәртіппен жүзеге асырылады. Кезеңнің ұзақтығы 45 минуттан аспайды, бұл ретте ситуациялық тапсырманы шешу көлемі 500 сөзден аспауға тиіс.

Электр энергиясының ажыратылуынан туындаған техникалық ақаулар себебінен кезеңнен өту мүмкін болмаған жағдайда, кандидат тиісті кезеңнен өткен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде кезеңнен қайта өту мүмкіндігін беру туралы мәселені шешу үшін Резервтің онлайн-платформасында орналастырылған техникалық қолдаудың байланыс деректері бойынша тұрғылықты жері бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым берген анықтаманы ұсынуға құқылы.

Тиісті кезеңнен қайта өту күні мен уақытын тағайындау техникалық қолдаумен жүзеге асырылады. Кандидатқа кезеңнің қайта өту күні мен уақыты туралы қосымша хабарланады.

Шешімді бағалауды қызметтің тиісті бағыттары бойынша бір мезгілде үш салалық сарапшы жүзеге асырады. Сарапшылар пулы академиялық орта өкілдерінен, мемлекеттік қызметшілер мен бизнес қауымдастық өкілдерінен тұрады.

Жұмыстарды бағалау бес балдық шәкіл бойынша белгіленген өлшемшарттарға сәйкес Резерв онлайн-платформада жүзеге асырылады, ал қорытынды баға сарапшылар бағаларының орташа мәнінен қалыптастырылады. Әрбір сарапшыға кандидаттардың иесіздендірілген деректерімен жұмыстар олардың бағалауы үшін автоматты түрде бөлінеді. Бұл ретте сарапшылар басқа сарапшылардың бағасын көре алмайды.

Осы кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген 300 кандидат, олардың ішінде:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 54 кандидаттан аспайтын;
 - инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 48 кандидаттан аспайтын;
 - экономикалық және қаржылық саясат – 42 кандидаттан аспайтын;
 - цифрландыру – 54 кандидаттан аспайтын;
 - агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 54 кандидаттан аспайтын;
 - сыртқы саясат және инвестициялар – 48-ден аспайтын кандидат
- «Құзыреттерді бағалау» кезеңіне жіберіледі.

Бірнеше кандидаттың нәтижелері тең болған кезде «Құзыреттерді бағалау» кезеңіне кандидаттардың көбірек саны жіберілуі мүмкін. Егер әрбір салалық бағыт бойынша кандидаттардың саны квотада көзделгеннен аз болса, онда қатысушылардың аз санына жол беріледі.

Кандидаттардың нәтижелері кандидаттардың жеке кабинеттерінде және Резервтің онлайн-платформасында орналастырылады.

7. Құзыреттерді бағалау

2025 жылғы 22 тамыз – 3 қазан кезеңінде кандидаттардың «Құзыреттерді бағалау» кезеңі өткізіледі, ол екі блоктан тұрады: «Ассессмент-орталық» және «Құзыреттер бойынша сұхбат».

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңінен кейін жіберілген кандидаттарға «Құзыреттерді бағалау» кезеңіне тіркелу қолжетімді болады. Олардың әрқайсысы кезеңнің өту күні мен уақытын таңдай алады. Тіркеу бірінші кезектегі толтыру қағидаты бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте тіркелмеген кандидаттар қол жетімді күндер мен уақыттарға автоматты түрде бөлінеді.

«Ассессмент-орталық» «Құзыреттерді бағалау» бірінші блогы **2025 жылғы 22 – 28 тамыз** кезеңінде (есептерді дайындау – 29 тамыз – 21 қыркүйек кезеңінде, қорытындылау – 2025 жылғы 22 қыркүйекте) Академия базасында оффлайн-

форматта өтеді және кандидаттарда мінез-құлық жиынтығы индикаторлары арқылы белгілі бір құзыреттерді анықтауға және бағалауға бағытталған.

Бағалаудың бірінші блогы топтық және жеке жаттығуларды қамтиды, олардың барысында кандидаттардың мінез-құлқын сертификатталған сарапшы-бағалаушылар бақылайды. Бір кандидат үшін «Ассесмент-орталық» блогы рәсімінің ұзақтығы 5-тен 6 сағатқа дейін созылады.

«Ассесмент-орталық» блогының нәтижелері бойынша әрбір кандидатқа олардың жеке кабинеттерінде орналастырылатын қысқаша есептер қалыптастырылады.

«Құзыреттерді бағалау» кезеңінің бірінші блогының нәтижелері жарияланғаннан кейін аталған кандидаттарға екінші блоктан өту күні мен уақытын таңдау мүмкіндігімен Резервтің онлайн-платформасында тіркелу қолжетімді болады.

Нәтижесінде «Құзыреттер бойынша сұхбат» «Құзыреттерді бағалау» кезеңінің екінші блогына орташа баллды ескере отырып, рейтинг бойынша ең үздік нәтиже көрсеткен **200-ден** аспайтын кандидат, олардың ішінде:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 36 кандидаттан аспайтын;
- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 32 кандидаттан аспайтын;
- экономикалық және қаржылық саясат – 28 кандидаттан аспайтын;
- цифрландыру – 36 кандидаттан аспайтын;
- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 36 кандидаттан аспайтын;
- сыртқы саясат және инвестициялар – 32-ден аспайтын кандидат жіберіледі.

«Құзыреттер бойынша сұхбат» блогы **2025 жылғы 23 – 28 қыркүйек** кезеңінде (құзыреттер бойынша сұхбат қорытындылары бойынша есептерді дайындау – 2025 жылғы 29 қыркүйек – 2 қазан кезеңінде) жеке терең сұхбат форматында жүргізіледі және кандидаттардың ішкі ынта-жігерін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталған. Сұхбатқа тіркелу «Ассесмент-орталық» блогының нәтижелері орналастырылған кезден бастап ашылады және 2025 жылғы 22 қыркүйекте сағат 23:59-ға дейін қолжетімді болады. Тіркеу ең үздік нәтиже көрсеткен 200 кандидат үшін Резервтің онлайн-платформасында жүзеге асырылады.

«Құзыреттер бойынша сұхбат» блогының нәтижелері бойынша «Резервке іріктеу жөніндегі сараптама комиссиясында әңгімелесу» іріктеудің келесі кезеңіне ең үздік нәтиже көрсеткен 150-ден аспайтын кандидат, олардың ішінде:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 27 кандидаттан аспайтын;
- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 24 кандидаттан аспайтын;
- экономикалық және қаржылық саясат – 21 кандидаттан аспайтын;
- цифрландыру – 27 кандидаттан аспайтын;
- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 27 кандидаттан аспайтын;
- сыртқы саясат және инвестициялар – 24-тен аспайтын кандидат жіберілетін болады.

8. Сараптама комиссиясында әңгімелесу

2025 жылғы 8–15 қазан кезеңінде Агенттік базасында Резервке іріктеу жөніндегі сараптама комиссиясында (бұдан әрі – Сараптама комиссиясы) кандидаттармен әңгімелесу кезеңі оффлайн-режимде өткізіледі.

Кандидаттарға осы кезеңді Сараптама комиссиясында әңгімелесу күні мен уақытын таңдау мүмкіндігімен Резервтің онлайн-платформасында өту үшін тіркелу қолжетімді болады.

«Сараптама комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу» кезеңі басталардан бір апта бұрын осы кезеңге жіберілген кандидаттар үшін Академия оқытушыларымен олардың сөз сөйлеу сапасын арттыру мақсатында дайындық кездесу ұйымдастырылады (онлайн немесе оффлайн-режимде).

Сараптама комиссиясы тұрақты және тұрақты емес мүшелерден тұрады. Сараптама комиссиясы мүшелерінің тұрақты құрамына Президент Әкімшілігінің, Агенттіктің өкілдері, Академия ректоры және Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы кіреді.

Тұрақты емес құрамға Президент Әкімшілігінің салалық бөлімдерінің меңгерушілері мен мемлекеттік инспекторлары, сондай-ақ кандидаттардың салалық бағыттарына сәйкес мемлекеттік органдардың басшылары немесе олардың орынбасарлары енгізілетін болады.

Кандидаттармен әңгімелесу өткізу процесінде Сараптама комиссиясына байқаушы қатысады. Байқаушы Агенттікпен келісу бойынша мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестердің, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, тәуелсіз сарапшылардың өкілі және өзге де адамдар бола алады.

Сараптама комиссиясындағы әңгімелесуде кандидат 5 минут ішінде тиісті саланы, бағдарды немесе қызмет бағыттарын дамытуға өзінің көзқарасын таныстыруы қажет. Кандидатқа бөлінген уақыт өткеннен кейін Сараптама комиссиясының мүшелері кандидатқа сұрақтар қоя алады, сондай-ақ оның таныстырылымына пікір білдіре алады.

Сараптама комиссиясы отырыстарының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын 100-ден аспайтын кандидаттың тізімі қалыптастырылады, олардың ішінде:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 18 кандидаттан аспайды;
- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 16 кандидаттан аспайды;
- экономикалық және қаржылық саясат – 14 кандидаттан аспайды;
- цифрландыру – 18 кандидаттан аспайды;
- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 18 кандидаттан аспайды;
- сыртқы саясат және инвестициялар – 16 кандидаттан аспайды.

Осы кезеңнің нәтижелері кандидаттардың жеке кабинеттерінде, сондай-ақ Резервтің онлайн-платформасында орналастырылатын болады.

9. Ұлттық комиссияның отырысы

2025 жылғы 25 қазанға дейін Сараптама комиссиясы ұсынған кандидаттарды Ұлттық комиссия отырысында қарау кезеңі өтеді.

Ұлттық комиссия отырысының қорытындысы бойынша салалық бағыттар шеңберінде мынадай квоталарға сәйкес Резервке 50-ден аспайтын кандидатты қабылдау туралы шешім қабылданады:

- әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам – 9 адам;
- инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты – 8 адам;
- экономикалық және қаржылық саясат – 7 адам;
- цифрландыру – 9 адам;
- агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау – 9 адам;
- сыртқы саясат және инвестициялар – 8 адам.

Салалық бағыттар шеңберінде Резервке қабылдау үшін квота Резервке алу туралы шешім қабылдау кезінде Ұлттық комиссияның қалауымен қайта қаралуы мүмкін.

Резервке іріктеудің қорытынды нәтижелерін жариялауды Агенттік **2025 жылғы 25 қазаннан кейін** жүзеге асырады.
